

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
Университеті

Синтоизм-Жапония халқының Ұлттық діні

*Орындаған: Шындалы
Ш.М
Тексерген: Кенеспаева
Л.Б*

Синтоизм-Жапония халқының Ұлттық діні



**Синтоизм-(жапон. Синто –Құдайлар
жолы)-
Жапониядакең тараған дін, табиғатты
алғашқы
қауымдық дәріптеуден туындаған рулық
және
тайпалық құдайларға табыну**



1868 жылдан 1945
жылға дейін
мемлекеттік дін
болған оның негізін
табиғат пен ата-
баба құдайларына
табыну құрады



Табынуды дамыту барысында шығармашылық бастау акті идеясы пайда болған, нәтижесінде күн құдайы Аматэрасу – синтоистік жоғары құдай пайда болған. Ал оның ұрпағы джиммутенно барлық жапон императорларының аңыздық бастауы болған.







Синтоизмде табиғатта өмір сүретін құдайлар мен рухтар бар. Осы рухтар кез келген қолдан жасалған затқа жан бітіруі мүмкін, сол зат табыну нысанына айналады.

Синтоизм бойынша өмір мақсаты ата-бабалар идеалын жүзеге асыру, құдаймен рухани бірігу салт-жоралғылар мен сыйыну. Қазіргі заманғы Жапонияда синтоизм өз ұстанымын белгілі бір деңгейде сақтаған, ал оның жаңа секталары ұлттық ділді қалыптастыруға белсене атсалысуда.





«Синто»-құдайлар жолы деген сөз. Қытай тіліндегі «син» немесе «сен» түрінде айтылған синто жапондықтардың жергілікті діни сенімдері ретінде белгілі.

A photograph of a large, illuminated orange torii gate at night. The gate is reflected in the water. In the foreground, a person is seen from the back, looking towards the gate. To the right, there is a lit lantern with a small sign on it. The background shows a dark sky and some distant lights.


Жапондар VI ғасырда буддизм
Жапонияға тарағаннан кейін
ежелгі діни сенімдерін буддизмнен
ажырата білу үшін “синто” сөзін
қолданды. Синтоизм осы сөзден
өрбіді

Жапондар VI ғасырда
буддизм
Жапонияға тарағаннан кейін
ежелгі діни сенімдерін буддизмнен
ажырата білу үшін “синто” сөзін
қолданды. Синтоизм осы сөзден
өрбіді



Синтоизм - ұлттық, алғашқы, политеистік және өзге діндерді жатсынбайтын әрі ресми дін мәртебесіне ие болмаған дін. Оның құрушысы жоқ. Қандай да бір тарихи оқиғаға байланысты шықпаған.


Синтоизм- ұлттық, алғашқы, политеистік және өзге діндерді жатсынбайтын әрі ресми дін мәртебесіне ие болмаған дін. Оның құрушысы жоқ. Қандай да бір тарихи оқиғаға байланысты шықпаған.



Синтоизмде табиғат күштеріне, әруақтарға табыну ерекше назар аудартады, рухты әрбір нәрсенің бойынан іздеп табуға болады делінеді.

Бұл діннің екі ерекшелігі бар:

- 1) Ерекше бір ұлттық дін**
- 2) Табиғатқа табыну бұл дінде маңызды рол атқарады**



Жапониядағы конфуцизмге аталарға табыну, моральдық-этика, бал ашу, сәуегейлік, сиқыр, зүһд секілді нәрселер даоцизмнің және буддизмнің ықпалымен енді.





**Б.э.д VI ғасырда астанасын
құрып Жапонияда Ямота
ақсүйегі, Аматерасу нәсілі
ретінде билік жүргізе
бастады
және осы императорға
табыну
бір культ құрды**

Синтоизмде әруақ пен тәңірді және қасиетті, таңғажайып, құпия сырға толы, қорқынышты, адам табиғатынан тыс тылысым күштерді сипаттау үшін «ками» (үстем, жоғары деген мағынада) сөзі қолданылады. Онда әруақ өлгеннен кейін де өмір сүре береді, ата-бабалар рухы ұрпақтарын желеп-жебеп жүреді деген сенім бар. Өлген адам «камиге» айналады. Бірақ әр ками тәңір болмауы мүмкін. Жапондар көзге көрінбейтін камидің тәңір үйінде болатындығына сенеді.



Синтоизмдегі әруақтар мен тәңірлердің саны жөнінде берілген цифрлар мейілінше көп. Сегіз миллион шамасында тәңір бар делінеді. Олардың ең үлкені Күн тәңірі – әйел құдай Аматерасу. Аматерасудың тәңірлік символы – айна. Ал орталық құлшылық орны – Исе. От тәңірі «Амаго» маңызды тәңірлердің бірі, әрі ең қауіптісі. Көк жүзін көк тәңірі – әйел құдай Аматерасу басқарады. Синтоистер Аматерасу тұрған ең үлкен құлшылық орны саналатын Исені зиярат етіп, Аматерасудың (Күннің) шыққанын бақылайды, сөйтіп қажы атанады.



Синтоисттер дүниенің аспан, жер және жер асты болып үш қабаттан құралғандығына, әрбір үш қабаттың тәңірлері бар екендігіне, жер астында болса өлілердің және дәулердің (жын) бар екендігіне сенеді. Тәңірлер әр түрлі суреттермен бейнеленген. Бірақ олардың бұл бейнелерден де аса құнды бірқатар символдары бар. Бұл символдар бұқара халыққа көрсетілмейді, ғибадатхананың жасырын бөлмелерінде сақталады. Екі қобдишаның ішінде сақталған символдар: бір айна, бір семсер немесе басқа да символикалық заттар.



1968 жылдарда ұлттық серпіліс кезеңі басталды. Синтоизм де мұны үрлей түсті, император культі, бір мемлекет саясатына айналды және мемлекетті Синтоның көмегіне бағындырды. Екінші дүние соғысы кезеңінде синтоизм көп уақыт өтпей жойылды.



Синтоистер Аматерасудан басқа ай, теңіз, дауыл және от тәңірлері, сонымен бірге азық-түлік, үй, ошақ, асхана, белгілі жерлер, жолдар және әр түрлі кәсіптің тәңірлеріне дейінгі көп мөлшердегі құдайлары бар пантеондарға (ғибадатхана) ие. Бұл пантеонға Аматерасудың ұрпақтары деп есептелетін императорлар да жатады. Ұлы мемлекет адамдарынан, қолбасшыларынан тәңірге айналдырылғандар бар. Қадірменді адамдардың өмірден өткендерін және осымен бірге аталарының әруақтары «ками» деп қабыл етіледі.



Жапония 1945 жылғы жеңілісінен кейін Синтоның мемлекеті қадағалау жағдайы күшін жойды. Император, өзінің тәңір болмағандығын және тәңірлердің ұрпағы ретінде өзіне табынылмайтындығын жариялауға мәжбүр болды.





**Назарларыңызға
рахмет!!!**